

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ**  
**АРНАЙЫ ЖӘНЕ ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДІ ДАМУДЫҢ ҰЛТТЫҚ**  
**ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ**

**БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМА**

**Зияттық бұзылымдары бар білім алушыларға арналған мектептердің оқу ісі меңгерушілері, мұғалімдеріне арналған «Білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында зияттық бұзылымдары бар білім алушыларға арналған арнайы мектепте білім беру процесін жобалау» бойынша педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы**

**АЛМАТЫ 2020**

## **1. Жалпы ережелер**

1. «Білім мазмұнын жаңарту жағдайында зияттық бұзылымдары бар білім алушыларға арналған арнайы мектепте білім беру процесін жобалау» бойынша педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламасы (әрі қарай - Бағдарлама) зияттық бұзылымдары бар білім алушыларға арналған арнайы мектептердің оқу ісі меңгерушілерінің, мұғалімдерінің біліктілікті арттыру курстарындағы оқуын реттейді.

2. Бағдарлама жаңартылған оқу бағдарламалары бойынша зияттық бұзылымдары бар оқушыларға арналған оқу процесін жобалау технологиясын қолдану мәселелері бойынша арнайы мектептердің оқу ісі бойынша меңгерушілері және мұғалімдерінің кәсіби құзыреттіліктерін дамытуға бағытталған.

3. Курсты оқу ұзақтығы 9 күнді құрайды, оның әрқайсысына күніне 2 сағаттан (8 академиялық сағат) 4 сабақ кіреді. Курстардың мазмұны мен құрылымы осы Бағдарламаның 1 және 2 қосымшаларына сәйкес Бағдарламада және оқу жоспарында берілген.

## **2. Глоссарий**

4. Курстың глоссарийі келесі негізгі ұғымдардан тұрады:

1) ерекше білім беру қажеттіліктері - бұл ерекше қабілеттерінің, немесе туа біткен және кейіннен пайда болған бұзылымдар салдарынан болатын, сондай-ақ әлеуметтік ортаның қолайсыз факторлары нәтижесінде туындайтын, білім беру процесі барысындағы көмек пен қызметке деген қажеттілік;

2) арнайы білім алу жағдайлары - ерекше білім беру қажеттіліктері бар тұлғалардың (балалардың) жалпы білім бағдарламаларын игеруі оларсыз мүмкін болмайтын оқу бағдарламалары мен оқыту әдістері, техникалық және басқа да құралдар, өмір сүру ортасы, сондай-ақ медициналық, әлеуметтік және басқа да қызметтер кіретін жағдайлар;

3) жеке оқу бағдарламасы - зияттық бұзылымдары бар білім алушыларға арналған үлгілік бағдарлама негізінде және оқушының жеке мүмкіндіктері ескеріле отырып, жасалған оқу бағдарламасы.

## **3. Бағдарламаның тақырыбы**

5. Біліктілікті арттыру бағдарламасы келесі тақырыптарды қамтиды:

1) 1-тақырып. Зиятында бұзылысы бар оқушыларға арналған арнайы мектепте білім мазмұнын жаңарту;

2) 2-тақырып. 0-4 және 5-10 сыныптардағы жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға арналған жаңартылған оқу бағдарламаларының құрылымы мен мазмұны. Жаңартылған мазмұндағы ОӘЖ шолу;

3) 3-тақырып. 1-4 және 5-9 сыныптардағы жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға арналған жаңартылған оқу бағдарламаларының құрылымы мен мазмұны. Бағдарламаны жүзеге асырудың ерекшеліктері;

4) 4- тақырып. Оқу-тәрбиелік, түзету-дамытушылық және практикалық

міндеттерді шешуді қамтамасыз ететін, зияттық бұзылымдары бар оқушылардың оқуын ұйымдастырудың арнайы педагогикалық айқындамалары;

5) 5-тақырып. Зияттық бұзылымдары бар балаларға арналған арнайы мектептің бірінші бөліміндегі оқу процесін жобалау технологиясы;

6) 6-тақырып. Оқушыларға сараланған тәсілді жүзеге асыру (В.В. Воронкованың педагогикалық жіктемесі негізінде);

7) 7-тақырып. Зияттық бұзылымдары бар балаларға арналған арнайы мектептің екінші бөліміндегі оқу процесін жобалау технологиясы;

8) 8-тақырып. Бірқалыпты ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға арналған жеке оқу жоспарларын құру және жүзеге асыру әдістемесі. Арнайы мектептің екінші бөлімінде пәнсіз оқытуды және жетістіктерін сипаттамалы бағалауды ұйымдастыру тәртібі.

#### **4. Бағдарламаның мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижелері**

6. Бағдарламаның мақсаты: жаңартылған оқу бағдарламалары негізінде оқу үрдісін жобалау мәселесі бойынша арнайы мектептердің оқу ісі бойынша меңгерушілері және мұғалімдерінің кәсіби құзыреттіліктерін дамыту.

7. Бағдарламаның міндеттері:

1) зиятында бұзылыстары бар оқушыларға арналған жаңартылған оқу бағдарламаларының мазмұны мен құрылымын зерделеу; оқу-әдістемелік кешеннің мазмұны (оқулық, жұмыс дәптері, әдістемелік нұсқаулар);

2) зиятында бұзылыстары бар оқушыларды оқытуда оқу-тәрбиелік, түзете-дамыту және практикалық міндеттердің шешімін қамтамасыз ететін заманауи арнайы педагогикалық тәсілдерді меңгеру;

3) зиятында бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы мектептің бірінші және екінші бөліміндегі оқу үрдісін жобалау технологияларын меңгеру, білім беру үрдісінің саралануы мен даралануын қамтамасыз ету.

8. Курс соңында тыңдаушылар:

1) зиятында бұзылыстары бар оқушыларға арналған жаңартылған оқу бағдарламаларының мазмұны мен құрылымын біледі; оқу-әдістемелік кешеннің мазмұнын біледі (оқулық, жұмыс дәптері, әдістемелік нұсқаулар);

2) зиятында бұзылыстары бар оқушыларды оқытуда оқу-тәрбиелік, түзете-дамыту және практикалық міндеттердің шешімін қамтамасыз ететін заманауи арнайы педагогикалық тәсілдерді меңгерген;

3) зиятында бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы мектептің бірінші және екінші бөліміндегі оқу үрдісін жобалау технологияларын, сыныптағы оқушыларды саралау мен даралау технологиясын меңгерген.

#### **5. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны**

9. Бағдарлама 5 модульден тұрады: нормативтік-құқықтық, психологиялық- педагогикалық, мазмұндық, технологиялық, нұсқалық.

10. Нормативтік-құқықтық модуль:

1) 2-тақырып. 0-4 және 5-10 сыныптардағы жеңіл ақыл-ой кемістігі бар

білім алушыларға арналған жаңартылған оқу бағдарламаларының құрылымы мен мазмұны. 0-4 және 5-10 сынып оқушыларына арналған үлгілік оқу жоспарларын сараптау. Жаңартылған мазмұндағы оқу бағдарламаларының құрылымы. Бағдарламаларда оқу материалдарын орналастыру ерекшеліктері. Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар оқушыларды оқытуда оқу бағдарламаларын жүзеге асырудың ерекшеліктері. Ұзақ мерзімді жоспарларға шолу және оларды икемді пайдалану мүмкіндігі. Жұмыс оқу бағдарламаларын құруға қойылатын талаптар. ОӘК-ге талдамалық шолу (оқулықтар, жұмыс дәптері, әдістемелік ұсыныстар), оқулықтар мен жұмыс дәптерлерін құру айқындамалары;

2) 3-тақырып. 1-4 және 5-9 сыныптардағы орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға арналған жаңартылған оқу жоспарларының құрылымы мен мазмұны. 0-4 және 5-9 сынып оқушыларына арналған Үлгілік оқу жоспарларын сараптау. Орташа ақыл-ой кемістігі бар оқушыларды оқытуда оқу бағдарламаларын жүзеге асыру ерекшеліктері. Орташа ақыл-ой кемістігі бар оқушыларға арналған жеке оқу жоспарларын құруға қойылатын талаптар. Жеке бағдарламаларды жүзеге асыру.

#### 11. Психологиялық-педагогикалық модуль:

1) 4-тақырып. Оқу-тәрбиелік, түзету-дамытушылық және практикалық мәселелерді шешуді қамтамасыз ететін, зияттық бұзылымдары бар оқушылардың оқуын ұйымдастырудың арнайы педагогикалық ұстанымдары. Зияттық бұзылымдары бар оқушыларды оқытуды ұйымдастыруда оқытудың компенсаторлық-дамытушылық бағытының, әлеуметтік-бейімделушілік бағытының, іс-әрекеттік тәсілінің, ұжымдық оқу үрдісінде сараланған және жеке дара және т.б. арнайы педагогикалық ұстанымдары.

#### 12. Мазмұндық модуль:

1) 1-тақырып. Арнайы мектеп жағдайында зиятында бұзылыстары бар оқушыларға білім беру мазмұнының жаңаруы. Күтілетін нәтижелер түріндегі оқу мақсаттарының жүйесі. Оқу пәндері бойынша күтілетін нәтижелерді анықтау тәсілдері. Оқыту әдістері мен тәсілдері. Объективті бағалау жүйесі. Білім беру ресурстары. Оқу пәндері бойынша күтілетін нәтижелерді анықтау тәсілдері. Оқытудың біріктірілген тәсілі. Өтпелі тақырыптар арқылы біріктіру. Белсенді оқыту: мұғалім мен оқушылардың рөлі.

#### 13. Технологиялық модуль:

1) 5-тақырып. Зияттық бұзылымдары бар балаларға арналған арнайы мектептің бірінші бөліміндегі оқу үрдісін жобалау технологиясы. Операциялық деңгейлі мақсатты болжамдау – оқу үрдісі жобасының жүйе құраушы элементі. Оқу үрдісін жобалау тәртібі мен ережелері, педагогикалық құжаттама нысандары. Пән бойынша оқу үрдісін жобалау технологиясын қолдану кезіндегі мұғалімнің басқару және бақылау қызметі. Педагогикалық диагностика және оқу үрдісін жобалаудағы жетістіктерді бағалау. Арнайы мектепте оқу үрдісін жобалау кезіндегі сараланған және жеке көзқарас;

2) 6-тақырып. Білім алушыларға қарасты сараланған тәсілді жүзеге асыру. Арнайы мектеп оқушыларының педагогикалық жіктемесі (В.В. Воронкова

бойынша). Төрт түрлік топтың сипаттамасы. Сараланған тәсілдің әдістері. Білімді меңгерудің әр түрлі кезеңдеріндегі әртүрлі түрлік топтағы білім алушыларға қарасты сараланған тәсіл. Сабақтың құрылымдық құрама бөліктері, сабақтың желілік емес құрылымы, сабақта білім алушыларға қатысты сараланған және жеке тәсіл. Сабақты жоспарлау ерекшеліктері;

3) 7-тақырып. Зияттық бұзылымдары бар балаларға арналған арнайы мектептің екінші бөліміндегі оқу үрдісін жобалау технологиясы. Орташа ақыл-ой кемістігі бар оқушылардың оқу үрдісін жобалау ережелері, педагогикалық құжаттама түрлері. Пән бойынша оқу үрдісін жобалау технологиясын қолдану кезіндегі мұғалімнің басқару және бақылау қызметі. Педагогикалық диагностика және оқу үрдісін жобалаудағы жетістіктерді бағалау;

4) 8-тақырып. Орташа ақыл-ой кемістігі бар оқушыларға арналған жеке оқу бағдарламаларын құру және жүзеге асыру әдістемесі. Арнайы мектептің екінші бөлімінде пәнсіз оқытудың және жетістіктердің сипаттамалық бағалауын ұйымдастыру тәртібі: жеке оқу жоспарын құрудың негізі ретінде оқушылардың ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін бағалау. Пәнсіз, пәндік оқыту барысындағы жеке бағдарлама құрылымы. Пәнсіз оқытуды ұйымдастырудың ерекшеліктері, пәндік оқытуға көшу. Жеке бағдарламаларды жүзеге асыру мониторингін жүргізу. Жетістіктерді сипаттамалы бағалау.

14. Нұсқалық модуль:

1) қарым-қатынастық және әлеуметтік өзара әрекеттестік мәселелері бар ақыл-ой кемістігі бар оқушыларды оқыту. Қарым-қатынастың балама әдістерін қолдану;

2) ақыл-ой кемістігі бар оқушыларға дәстүрлі емес оқыту әдістерін қолдану (М. Монтессоридің педагогикалық жүйесі).

## **6. Оқу үрдісін ұйымдастыру**

15. Біліктілікті арттыру курстары келесі режимде ұйымдастырылады:

1) Бағдарламаның 1-қосымшасына сәйкес күндізгі оқыту режимінде курстың оқу-тақырыптық жоспары (бұдан әрі - ОТЖ) бойынша күндізгі оқу. Күндізгі курстардың ұзақтығы - 72 сағатты құрайды. Күндізгі бір апталық курстарды ұйымдастырған кезде ОТЖ-да сағат саны екі есе азаяды, сабақтардың тақырыптары мен формасы өзгеріссіз қалады.

2) Аралас оқыту - Бағдарламаның 2-қосымшасына сәйкес курстың тақырыптық оқу жоспары бойынша аралас оқу түрі, және де оқыту үш кезеңнен тұрады: күндізгі бөлім - 16 сағат, қашықтан оқыту - 8 сағат, өз бетінше оқу - 48 сағат. Күндізгі оқыту курстың бірінші және соңғы күнінде жүргізіледі.

16. Оқу үрдісіне:

- дәрістер;
- семинарлар;
- практикалық сабақтар;
- тыңдаушылардың өзіндік жұмыстары (жеке, топтық, екеулеп);
- топтағы тренингтер;

- вебинарлар, он-лайн кеңестер;
- өздігімен оқу;
- тестілеу түрінде аралық және қорытынды аттестаттау.

17. Бағдарлама міндеттеріне сәйкес педагогтардың құзіреттілігін қалыптастыру үшін топтағы практикалық жұмыс қолданылады және нәтижелерін кейіннен талқылап, рефлексия, құжаттамамен сараптау жұмысы жүргізіліп, мұғалімдердің командалық жұмысының тренингі өтеді.

### **7. Бағдарламаны оқу-әдістемелік қамтамасыз ету**

18. Бағдарламаның оқу-әдістемелік қамтамасыз ету:

- 1) педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттыру бағдарламасы;
- 2) тыңдаушыларға арналған дәрістердің электрондық конспектін және мазмұндарының презентациялары;
- 3) практикалық сабақтарды өткізуге арналған үлестірме материалдар;
- 3) сынып педагогының жобалық құжаттама пакеті;
- 4) зияттық бұзылымдары бар білім алушыларға арналған оқу пәндері бойынша ОӘК; бейне материалдар.
- 5) сауалнамалар, бақылау және өзіндік жұмыс материалдары.

### **8. Оқыту нәтижелерін бағалау**

19. Тыңдаушылардың білімін бақылау және бағалау мақсатында жүргізіледі: өзіндік жұмыс, жедел-сауалнамалар, қорытынды тестілеу, сондай-ақ аралас оқыту режимінде курсқа арналған аралық тестілеу. Өзіндік және бақылау жұмыстарына арналған тапсырмалар, сауалнамалар, тест тапсырмалары курстың оқу-әдістемелік кешеніне (бұдан әрі - ОӘК) енгізілген.

20. Тыңдаушылардың кәсіби құзыреттілігін қалыптасу деңгейін, Бағдарлама мазмұнын меңгеруін анықтап, кері байланысты жүзеге асыру үшін профессорлық-оқытушылар құрамы Бағдарламаның әр тақырыбына бақылау тапсырмаларын құрастырады (өзіндік жұмыс, сауалнама және т.с), және қорытынды бақылау жұмысы жүргізіледі. Алынған кері байланы негізінде дәріс және практикалық сабақтар мазмұнына түзетулер енгізіліп, қосымша материал таңдалады (құжаттар үлгісі, әдебиеттер тізімі, дидактикалық материалдар тізімі, видео-материалдар және т.б), Бағдарлама мазмұнын қосымша түсіндіру жүргізіледі.

Қорытынды бақылау жұмысын орындау келесі критерийлерге сәйкес бағаланады: іске асырылмады (дұрыс жауап берілмеді), жартылай іске асты (дұрыс жауап 50% аз), толық жүзеге асты (дұрыс жауап 70-100 %). Қорытынды бақылау жұмысының нәтижесінің негізінде курстан кейінгі сүйемелдеу кезеңінде кеңес беру мазмұны жоспарланады.

### **9 Курстан кейінгі қолдау**

21. Тыңдаушыларды курстан кейінгі қолдау келесі формаларда жүзеге асады:

- жеке, топтық кеңес беру (соның ішінде видеоконференция жүзінде);
- арнайы және инклюзивті білім беруді дамытудың Ұлттық ғылыми-практикалық орталығының сайтындағы мәтіндік және видео-материалдарды қолданып әдістемелік және нормативті-құқықтық сүйемелдеу;
- әдістемелік семинарлар (соның ішінде вебинарлар);
- ғылыми-практикалық конференциялар.

### **10. Негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі**

21. Курс бойынша негізгі әдебиеттер:

1) Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі дамуының стратегиялық жоспары (Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 15 ақпандағы № 636 жарлығы).

2) Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III ЗРК Білім туралы заңы.

3) Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2019 жылғы 2 қыркүйектегі Қазақстан халқына жолдауы «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі»;

4) Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 11 шілдедегі № 343-II «Мүмкіндігі шектеулі балаларға әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзете қолдау көрсету туралы» заңы.

5) Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы № 345-II «Қазақстан Республикасындағы бала құқықтары туралы» заңы.

6) Жалпыға міндетті білім берудің мемлекеттік стандарты (бастауыш, негізгі орта, орта), Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 қаулысымен бекітілген, 05.05.2020 ж. №182 өзгерістер мен қосымшаларды ескере отырып.

7) Орта білім беру ұйымдары (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта) қызметінің үлгілік ережелері / ҚР БҒМ 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығы ҚР Білім және ғылым Министрінің 18.05.2020 ж. № 207 бұйрығының редакциясында.

8) Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу бағдарламалары. ҚРБҒМ № 500 бұйрығы.

9) Бастауышбілім беру деңгейінің 0-4 сыныптарының мүмкіндіктері шектеулі білім алушыларына арналған жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламалары. ҚР БжҒМ 2020 жылғы 5 ақпандағы № 51 бұйрығы.

10) Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-10 сыныптағы мүмкіндігі шектеулі білім алушыларға арналған жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламалары. ҚР БжҒМ 2018 жылғы 20 қыркүйектегі № 469 бұйрығы.

11) «Мемлекеттік үлгідегі білім туралы құжаттардың түрлері мен нысандарын бекіту туралы және оларды беру ережелері», ҚР БжҒМ 2015 жылғы 28 қаңтардағы № 39 бұйрығы.

12) Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдыктармен және жиһаздармен жабдықтау нормалары. ҚР БЖҒМ 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығы.

13) Певзнер М.С. Дети-олигофрены. М. 1959.

14) Рубинштейн С.Я. Психология умственно отсталого школьника. М., 1970.

15) Елисеева И.Г. Проект процесса обучения математике школьников с нарушением интеллекта в пропедевтическом периоде. Программно-методическое пособие. Алматы. 2009.

16) Методические рекомендации по системе критериального оценивания учебных достижений детей с ограниченными возможностями. Астана, 2015 г.

17) Елисеева И.Г., Даурцева Г.Ю. Организация мониторинга и оценка уровня функциональной грамотности школьников с нарушением интеллекта. Методические рекомендации, - Алматы: ННПЦ КП, 2015 г. – 55 с.

18) Айдарбекова А.А., Елисеева И.Г. Проектирование процесса обучения во втором отделении специальной (коррекционной) школы для детей с нарушением интеллекта. Методические рекомендации, Алматы: ННПЦ КП, 2010 г.- 66 с.

19) Айдарбекова А.А., Елисеева И.Г. Организация и содержание коррекционно-развивающей работы со школьниками с умеренной умственной отсталостью в условиях специальной (коррекционной) школы. Методические рекомендации для учителя. Алматы: ННПЦ КП, 2011, - 45 с.

20) Елисеева И.Г. Использование педагогической системы М.Монтессори в комплексном подходе к организации психолого-педагогического сопровождения детей с умеренной умственной отсталостью. Методические рекомендации для учителя. Алматы: ННПЦ КП, 2012, - 28 с.

21) Елисеева И.Г. Технологический подход к планированию процесса обучения – как средство повышения качества образования школьников с нарушением интеллекта (на примере курса математики) // «Вестник» КАЗНПУ, Серия «Специальная педагогика».-№ 3 .- 2013 г. С. 32-34.

22. Курсы бойынша қосымша әдебиеттер:

1) Занков Л.В. Вопросы психологии учащихся вспомогательной школы. М., 1951.

2) Забрамная С.Д. Методические указания к психолого-педагогическому изучению детей-имбецилов. М., 1979.

3) Граборов А.Н. Очерки по олигофренопедагогике. М 1961.

4) Нирье Б. Принципы нормализации и службы по уходу за людьми с интеллектуальными нарушениями. //Нормализация жизни в закрытых учреждениях для людей с интеллектуальными и другими функциональными нарушениями. Под ред. К Грюневальда. Спб. 2003.

5) Шипицына Л.М. Развитие навыков общения лиц с нарушением



интеллекта. – СПб., 2000.

6) Воспитание и обучение детей во вспомогательной школе. /Под ред.) В.В. Воронковой. М., 1994.

7) Исламгулова С.К. Технологизация процесса обучения в школе: теория и опыт. Алматы. 2003 г.

8) Формирование и развитие предметно-практической деятельности на индивидуальных занятиях/ Л.В.Шаргородская.- М.: Теревинф, 2006.

9) Андрущенко Н.В. Монтессори-педагогика и Монтессори-терапия. Спб.- Речь. – 2010

10) Сара Ньюмен Игры и занятия с особым ребенком. Руководство для родителей.- М., Теревинф, 2011

11) Хельга Зиннбухер Как развивается ваш ребенок? Таблицы сенсомоторного развития, игры и упражнения от 4 до 7,5 лет. – М., Теревинф, 2010 .

12) Э.Гипхард Как развивается ваш ребенок? Таблицы сенсомоторного и социального развития. От рождения до 4 лет.– М., Теревинф, 2010 .

13) Зверева М.Н. Практическая дидактика для учителя. М.: Педагогическое общество России.- 251 с.



	бұзылымдары бар оқушылардың оқуын ұйымдастырудың арнайы педагогикалық айқындамалары, сабаққа қойылатын талаптар									
3	<b>Мазмұндық модуль</b>	<b>2</b>							<b>1</b>	<b>3</b>
3.1	Арнайы мектеп жағдайында зиятында бұзылысы бар оқушыларды оқыту мазмұнының жаңартылуы	2								2
3.2.	Тыңдаушылардың оқу жетістіктеріне диагностика жасау								1	1
4	<b>Технологиялық модуль</b>	<b>20</b>	<b>12</b>	<b>4</b>					<b>1</b>	<b>37</b>
4.1	Зияттық бұзылымдары бар балаларға арналған арнайы мектептің бірінші бөліміндегі оқу үрдісін жобалау технологиясы	6	4	2						12
4.2	Білім алушыларға қатысты сараланған тәсілді жүзеге асыру	4	2							6
4.3	Зияттық бұзылымдары бар балаларға арналған арнайы мектептің екінші бөлімінде оқу үрдісін жобалау технологиясы	6	2							8
4.4	Бірқалыпты ақыл-ой кемістігі бар оқушыларға арналған жеке оқу бағдарламаларын құру және жүзеге асыру әдістемесі. Арнайы мектептің екінші бөлімінде пәнсіз оқытудың және жетістіктердің	4	4	2						10

	сипаттамалық бағалауын ұйымдастыру тәртібі								
4.5	Тыңдаушылардың оқу және практикалық жетістіктеріне диагностика жасау							1	1
5	<b>Нұсқалық модуль</b>	<b>4</b>							<b>4</b>
5.1	Қарым-қатынастық және әлеуметтік өзара әрекеттестікте проблемалары бар ақыл-ой кемістігі бар оқушыларды оқыту. Қарым-қатынастың балама әдістерін қолдану	2							
5.2	Ақыл-ой кемістігі бар оқушыларға дәстүрлі емес оқыту әдістерін қолдану (М. Монтессоридің педагогикалық жүйесі).	2							
<b>Барлығы:</b>		<b>46</b>	<b>20</b>	<b>4</b>				<b>2</b>	<b>72</b>

зияттық бұзылымдары бар білім алушыларға арналған арнайы мектепте білім беру процесін жобалау» білім беру бағдарламасына  
2-қосымша

### Курстың аралас оқыту режиміндегі оқу-тақырыптық жоспар

№	Сабақтар тақырыбы	Күндізгі оқу 16 с.				Қашықтықта оқу 8 с.			Өздігінше оқу 48 с.	Барлығы
		Дәріс	Практикалық сабақ	Тренинг	Жобаларды қорғау	Вебинар	Онлайн-форум	Онлайн – кеңес	Тыңдаушының өздігінше оқуы	
1.	<b>Нормативтік-құқықтық модуль</b>	6				2			12	20
1.1	0-4 және 5-10 сыныптарда жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға арналған Жаңартылған оқу бағдарламаларының құрылымы мен мазмұны. Жаңартылған мазмұн бойынша ОӘК шолу	3				1			6	4
1.2	1-4 және 5-9 сыныптардағы жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға арналған жаңартылған оқу бағдарламаларының құрылымы мен мазмұны. Бағдарламаны жүзеге асырудың ерекшеліктері	3				1			6	
2	<b>Психологиялық-педагогикалық модуль</b>					1			4	5
2.1	Оқу-тәрбиелік, түзету-дамытушылық және практикалық мәселелерді шешуді қамтамасыз ететін					1			4	1

	зияттық бұзылымдары бар оқушыларың оқуын ұйымдастырудың арнайы педагогикалық айқындамалары, сабаққа қойылатын талаптар								
3	<b>Мазмұндық модуль</b>	<b>2</b>						<b>5</b>	<b>7</b>
3.1	Арнайы мектеп жағдайында зиятында бұзылысы бар оқушыларды оқыту мазмұнының жаңартылуы	2						4	2
3.2	Тыңдаушылардың оқу жетістіктеріне диагностика жасау							1	1
4	<b>Технологиялық модуль</b>	<b>8</b>			<b>3</b>			<b>27</b>	<b>38</b>
4.1	Зияттық бұзылымдары бар балаларға арналған арнайы мектептің бірінші бөліміндегі оқу процесін жобалау технологиясы	4			1			8	9
4.2	Білім алушыларға қатысты сараланған тәсілді жүзеге асыру				1			6	5
4.3	Зияттық бұзылымдары бар балаларға арналған арнайы мектептің екінші бөлімінде оқу үрдісін жобалау технологиясы	4						6	6
4.4	Бірқалыпты ақыл-ой кемістігі бар оқушыларға арналған жеке оқу бағдарламаларын құру және жүзеге асыру әдістемесі. Арнайы мектептің екінші бөлімінде пәнсіз оқытуды және				1			6	

	жетістіктердің сипаттамалық бағалауды ұйымдастырудың тәртібі								
4.5	Тыңдаушылардың оқу және практикалық жетістіктеріне диагностика жасау							1	1
5	<b>Нұсқалық модуль</b>						<b>2</b>		<b>2</b>
5.1	Қарым-қатынастық және әлеуметтік өзара әрекеттестікте проблемалары бар ақыл-ой кемістігі бар оқушыларды оқыту. Қарым-қатынастың балама әдістерін қолдану						1		1
5.2	Ақыл-ой кемістігі бар оқушыларға дәстүрлі емес оқыту әдістерін қолдану (М. Монтессоридің педагогикалық жүйесі).						1		1
<b>Барлығы:</b>		<b>16</b>			<b>6</b>		<b>2</b>	<b>48</b>	<b>72</b>